



САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуровты қабылдады.

Кездесуде Қазақстан Президентінің Мәскеуге жасайтын мемлекеттік сапары аясында қаралатын көпжоспарлы ынтымақтастықтың басты бағыттары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы сапарға ерекше мән беріп отырғанын және келіссөздердің табысты өтетініне сенімді екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы екі ел үкіметтерінің белсенді әрі үйлесімді жұмысының арқасында Ресей Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болып қала беретініне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Путинмен екіжақты тауар айналымының көлемін тау арада 30 миллиард долларға дейін арттыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілгенін еске салды.

Президент Ресей Федерациясы Қазақстан экономикасына қаржы салған жетекші инвесторлардың бірі болып отырғанына назар аударды. Былтыр жалпы инвестиция көлемі 4 миллиард долларға жетті.

Мемлекет басшысы елімізде көптеген ресейлік компания жемісті жұмыс істеп жатқанын мәлімдеді. Бұл екі ел арасындағы өзара сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді.

Денис Мантуров қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдіріп, ресейлік тараптың екіжақты байланыстарды одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады.

Ресей Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары тараптар бірлескен жобаларды дамытуға берік негіз қалағанын айтып, олардың табысты жүзеге асырылатынына сенім білдірді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін Денис Мантуровты І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомствоның биылғы тоғыз айдағы қызметінің есебі және 2026 жылға арналған жоспары таныстырылды.

Әлихан Смайылов мемлекеттік аудиторлар жалпы құны 32 триллион теңге болатын 18 ірі тексеру жүргізгенін айтты. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22,8 триллион теңгеге көп.

Президентке мемлекет пайдасына 112 миллиард теңге өндірілгені туралы мәлімет берілді. Анықталған кемшіліктерді жою үшін Үкіметке және аудит нысандарына 96 ұсыным мен 800-ге жуық орындалуға міндетті нұсқама жіберілді. Аудит қорытындысы бойынша 42 материал құқық қорғау органдарына жолданды.

Әлихан Смайылов Жоғары аудиторлық палатаның қызметін цифрландыру шеңберінде



аудиторлық жұмыстың барлық кезеңдерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе енгізілгенін жеткізді.

Ведомство келесі жылы 40-қа жуық аудиторлық тексеріс жүргізуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, тексеру жұмыстары отандық фармацевтикалық өнім өндірушілерді қолдау, инвестиция тарту, автомобиль

жолдарын дамыту, мемлекеттік ақпарат саясаты бағыттарын, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазпошта» АҚ және Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетін және тағы басқа мекемелерді қамтиды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аудитті жетілдіру бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ЭНЕРГЕТИКА – ЕЛ ТІРШІЛІГІНІҢ КҮРЕТАМЫРЫ



Расында да, Жолдауда көтерілген мәселелер – нақты өмір шындығының көрінісі. Тариф саясатын әділ ету, энергетика мен коммуналдық саланы тиімді басқару, «ақылды қалалар» тұжырымдамасын кеңейту – барлығы да азаматтардың өмір сапасын барынша арттыруға бағытталған. Бұл – мемлекеттік бағдарлама ғана емес, ұлттың тұрмыстық мәдениетін жаңа сапаға көтеретін аса маңызды бетбұрыс.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘСКЕУГЕ БАРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11-12 қарашада Ресей Федерациясына мемлекеттік сапармен барады.

Мемлекет басшысы Президент Владимир Путинмен келіссөздер жүргізеді. Сондай-ақ Орал қаласында өтетін ХХІ Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық сессиясына бейнебайланыс арқылы қатысады.

Сапар аясында бірқатар екіжақты маңызды құжаттарға қол қою жоспарланып отыр.



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық падел федерациясының (FIP) президенті Луиджи Карраро мен Premier Padel әлемдік кәсіби турының төрағасы Нассер Бен Ганим Әл-Хелаифиді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанда падел спортты дамыту перспективасы талқыланды. Бүгінде елімізде 1,5 мыңнан астам ойыншыны біріктіретін қоғамдастық қалыптасып, 16 облыста өңірлік федерация құрылды.

Президент мемлекеттің бұқаралық спортты өркендетуге және заманауи инфрақұрылым жасақтауға айрықша көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

Қазір елімізде падел ойынына арналған 17 корт бар. 2027 жылы Алматы қаласында халықаралық стандартқа сай келетін 10 корты бар ADD PADEL ARENA спорт кешенін ашу жоспарланып отыр. Орталық Азиядағы заманауи спорт нысандарының біріне айналатын бұл аренада Premier Padel деңгейіндегі турнирлерді ұйымдастыруға болады.

ФУТБОЛ КЛУБТАРЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев УЕФА Атқарушы комитетінің мүшесі және «Пари Сен-Жермен» клубының акционері ретінде футболды насихаттауға қосқан үлесі үшін Нассер Әл-Хелаифиге алғыс айтып, футболды дамыту мәселесіне арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде футбол клубтарын жекешелендіру және бәсекелес орта қалыптастыру шаралары жүргізіліп жатқанына назар аударды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның Халықаралық падел федерациясымен ынтымақтастығын нығайту елімізде осы спорт түрін дамытуға әрі танымалдылығын арттыруға ықпал ететініне сенім білдірді.

БАСПАСӨЗ-2026

AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2026 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Занды тұлғалар үшін	15102 -AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	Қала	Ауыл
				16 910,16 33 820,32	13 622,64 27 245,28
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	9 372,64 18 745,28	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



11 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ



СЕНАТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 13 қарашада өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Бюро отырысын ашқан Мәулен Әшімбаев елдің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы маңызды міндеттерге назар аударды. Ол Мемлекет басшысының бастамаларын іске асыру үшін тиісті заңнамалық база құру қажет екенін атап өтті. Бұл ретте Құрылыс және Цифрлық кодекстерді, Банктер мен банк қызметі туралы және Құқық бұзушылық профилактикасы туралы заңдарды сапалы қарап, уақытылы қабылдау айрықша маңызға ие.

Белгіленген күн тәртібіне сәйкес, сенаторлар алдағы бейсенбіде «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Келісімнің мақсаты – радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті арттыруға және физикалық қорғауды қамтамасыз ету қағидаттарын ескере отырып, радиоактивті материалдарды тасымалдауға қойылатын ұлттық талаптарды онтайландыруға жәрдемдесу.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңда Сенаттың алдағы отырысының күн тәртібіне шығарылды. Келісімді ратификациялау екі елдің құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға, өңірлік қауіпсіздікті және тұтастай алғанда екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп күтілуде.

Бюро отырысында депутаттар Сенаттың іс-шаралар жоспарын орындау мәселелерін де талқылады. Соның аясында осы аптада Қазақстанда көміртекті реттеу жүйесін дамыту перспективалары, оның ішінде шығарындыларды азайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін көміртекті офсеттерді пайдалану тақырыбына арналған дөңгелек үстел және бірқатар көшпелі отырыс өтеді. Іс-шарада сенаторлар Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөліп берді.

ЖАҢАНДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІНЕ АЙНАЛАДЫ

Соңғы жылдары Қазақстанның сыртқы саясатында жаңа белсенділік айқын сезілуде. Еліміз әлемдік және аймақтық процестердің бел ортасында жүріп, ірі державалармен тең дәрежелі қарым-қатынас орнатуға ұмтылып отыр. Бұл бағыттағы басты қадамдардың бірі – C5+1 форматындағы ынтымақтас-тықты жаңа деңгейге көтеру және Қазақстанның Авраам келісімдеріне қосылу шешімі.

Парламент Мәжілісінің депутаты, Халық-аралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Айгүл Құспан C5+1 форматы мен Авраам келісімдеріне қосылу еліміздің көпвекторлы сыртқы саясатын жаңа деңгейге көтереді деген пікірімен бөлісті. Оның айтуынша, Қазақстанның мақсаты – тек шикізат жеткізуші емес, жоғары қосылған құны бар өнім өндіруші елге айналу.

— C5+1 алаңы бүгінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын жүзеге асырудағы маңызды құралға айналған. Бұл формат алғашында министрлер деңгейінде басталған еді, бірақ бүгінде мемлекет басшылары деңгейіне дейін көтерілді. Бұл — өзара сенім мен тиімді ынтымақтастықтың айғағы, — дейді ол.

Депутаттың пікірінше, АҚШ пен Орталық Азия арасындағы өзара іс-қимылдың күшеюі кездейсоқ емес. 2019 жылы қабылданған АҚШ-тың Орталық Азиямен ынтымақтастық стратегиясы өңірдің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және экономикалық дербестігін қолдауға бағытталған.

«Стратегия 2025 жылға дейін әрекет етеді және оның мақсаттары біздің мүддемізбен толық үндес. АҚШ өңірлік интеграцияны нығайтып, энергетика мен сирек кездесетін металдарға баса назар аударуды көздейді», — дейді А.Құспан.

Сондай-ақ ол Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық қатынастардың тұрақты өсіп келе жатқанын атап өтті. Бүгінде екі елдің тауар айналымы 4,2 миллиард долларды құрайды, ал АҚШ инвестицияларының көлемі 100 миллиард долларға жетті.

«Бұл — Орталық Азияға тартылған шетелдік инвестициялардың 80 пайызы және еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы барлық инвестициялардың 13 пайызына тең көрсеткіш. Бұл — өзара сенімнің нақты дәлелі», — деді депутат.

Айгүл Құспан энергетика саласы әлі де негізгі бағыт болып қала беретінін, бірақ сирек кездесетін минералдар мен транзиттік жобалар да қатар дамитынын атап өтті.

«АҚШ тұтынатын уранның шамамен 24 пайызын Қазақстан қамтиды. Егер біз экспорт



көлемін арттырсақ, стратегиялық серіктеске айналамыз. Бірақ басты мақсат — тек шикізат жеткізуші емес, жоғары қосылған құны бар өнім өндіруші ел болу», — дейді ол.

Осы тұрғыда Wabtec компаниясымен бірлесіп локомотивтер шығару жобасы мысалға келтірілді. Бұл жоба арқылы Астанадағы зауытта 47 пайыздық локализация деңгейіне қол жеткізілген.

«Бұл — энергия үнемдейтін және ұзақ қызмет ететін заманауи техника. Біз Қазақстанды транзиттік хабқа айналдыруды көздеп отырмыз, сондықтан осындай жобалар өте маңызды», — деді депутат.

Айгүл Құспанның пікірінше, Қазақстанның Авраам келісімдеріне қосылу туралы шешімі еліміздің жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылыққа қосқан үлесін айқындайды. Депутат Қазақстанның бұл бастаманы қолдау арқылы бейбітшілік пен серіктестік идеясын кеңейтіп отырғанын атап өтті.

— Авраам келісімдері әзірге декларативті сипатта болғанымен, олардың болашағы зор. Егер осы формат аясында нақты экономикалық жобалар іске асып, жаңа мемлекеттер қосылса, бұл келісімдер жаһандық тұрақтылықтың тірегіне айналары сөзсіз, — деді А. Құспан.

ЖАҢА МАУСЫМҒА – ЖАҢА ҚАРҚЫНМЕН

Taldau Talks-тың жаңа YouTube арнасында подкастың жаңа маусымдағы жарияланымы жарық көрді. Бұл жолы сарапшылар –инфляцияны тежеу үшін Үкімет қабылдап жатқан шаралардың тиімділігін бағалап, талдамалық болжамдар жасады. Атап айтқанда, дағдарысқа қарсы шаралар, бюджеттік-салық реформасының тәуекелдері, әлеуметтік теңсіздікке байланысты қалыптасқан жағдай және Қазақстанның экономикалық дамуының басқа да қырлары талқыланды.



Талқылауға Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастамашы болды. Шақырылған меймандардың қатарында Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин және экономист Айдархан Құсайынов бар.

Палата Спикері атап өткендей, жаңа экономикалық модель ішкі сұранысқа, әлеуметтік тұрақтылыққа және ұзақмерзімді өсуге бағдарлануымен ерекшеленеді. Ол қабылданған шаралардың ішінен бензин мен дизель бағасын өсіруге мораторий жариялау, коммуналдық тарифтерді көтеруге тыйым салу, арнайы салық режимі бойынша шектеулерді алып тастау, ипотекалық бағдарламаларды қаржыландыру, ШОБ-ты қолдау сияқты нақты бастамаларды ерекше атап өтті. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, бұл бағытта әрі қарай сапалы трансформация жүргізу үшін барлық мүдделі тарап үйлесімді жұмыс жүргізуі қажет.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен Үкімет азаматтардың мүдделерін қорғау үшін экономикалық реформалар бағдарламасы бойынша түзету шараларын ұсынды. Мемлекет инфляциялық қысымды төмендету және реформалардың салдарын азайту үшін нақты қадамдар жасауда. Бұл ретте іске асырылып жатқан бағдарламалар қазіргі жағдайды қолдап қана қоймай, экономиканың нақты секторларын, банк жүйесін және шағын

бизнесті дамытуды ынталандыруға тиіс», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар қатысушылар елдің тұрақты және сапалы экономикалық өсуінің негізгі шарттарына тоқталды. Олар реформаларды әлеуметтік өлшеумен қатар, бюджет-салық трансформациясына, әртараптандыруға және жаңа экономикалық саясаттың ресурстарына қатысты мәселелерге ерекше назар аударды.

«Бүгінде күрделі сыртқы конъюнктура мен құрылымдық сын-қатерлерге қарамастан, ел экономикасы сенімді өсіп келе жатқанын көріп отырмыз. Дегенмен жалпы ішкі өнім көрсеткіштері, инвестиция қарқыны немесе экспорт көлемі картинаның бір жағы ғана. Президентіміз атап өткендей, бұл өсуді әрбір азамат сезінуге тиіс. Сондықтан жаңа мүмкіндіктер тек мегаполистерде ғана емес, өңірлерде де құрылып, экономика адам үшін жұмыс істеуі керек, керісінше емес. Сондықтан реформаларға назар біртіндеп цифрлардан құралған көрсеткіштерден — өмір сапасына, адам капиталын дамытуға және тұрақты институттарды қалыптастыруға ауысуда. Президент саясатының басымдығы осы», — деді Мәулен Әшімбаев.

Айта кетейік, Taldau Talks — ашық диалогқа арналған подкаст-платформа. Онда ел дамуының өзекті мәселелері және Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыруға арналған практикалық қадамдар талқыланады.

ҚАЗАҚСТАН КЛИМАТТЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ ЖАҢАРТТЫ

Еліміз көміртек бейтараптығына көшуді халықаралық талаптармен тікелей үйлестіру мақсатында климаттық стандарттарды жаңартуға шешім қабылдады.

Сауда және интеграция министрлігіне қарасты «ҚазСтандарт» екі жаңа ұлттық стандарт әзірледі, олар: СТ РК ISO 14068-1 «Климаттың өзгеруін басқару. Таза нөлге көшу. 1-бөлім. Көміртектік бейтараптық» және СТ РК IWA 42 «Көміртек бейтараптылығы жөніндегі нұсқаулық».

«Бұл екі стандарт халықаралық ISO 14068-1:2023 және IWA 42:2022 стандарттарымен бірдей. Олардың қабылдануы Қазақстанның 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясында көзделген міндеттерді іске асырудағы маңызды кезең болды. Сондай-ақ бұл стандарттарды қабылдау Қазақстанның жаһандық климаттық саясаттағы рөлін күшейтеді. Олар шығарындыларды жауапты басқаруға және ғылыми негізделген климаттық шешімдерді енгізуге негіз қалайды», — делінген министрліктің хабарламасында.

Жаңа стандарттар экологиялық және талдама-лық ұйымдар, қоршаған ортаны мониторингі-

леудің ұлттық және өңірлік орталықтары, экологиялық қауымдастықтар үшін бірыңғай тәсілдер мен қағидаттарды белгілейді. Енді олар парниктік газдар шығарындыларын басқарудың негізгі аспектілерін қамтиды, бағалау мен азай-тудан бастап, қалдық шығарындыларды өтеп, климаттық есеп жүргізіп отырады.

Стандарттарды іске асырған соң еліміз ұлттық MRV (бақылау, есептілік және валидация) жүйесін халықаралық тәжірибелермен үйлес-тіруге; климаттық деректердің ашықтығы мен анықтығын арттыруға; қазақстандық компания-лардың халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға; өнеркәсіпте төмен көміртекті технологиялар мен инновацияларды енгізуге ықпал етуге мүмкіндік алады.

Бұл стандарттар мүдделі тараптардың, ғылыми ұйымдар мен сараптамалық қауымдастықтардың қатысуымен әзірленген.



Дайындаған М. ТӨЛЕУ

TURGYNDAR AMANATY

ФРОНТ-ОФИСІ АШЫЛДЫ

Қала көркі әр тұрғынның өз үйі мен ауласына деген жеке жауапкершілігінен басталады. Ауладағы жарықшамдар, айналадағы тәртіп пен тазалық – мұның бәрі тұрғындардың өмір сапасын айқындайтын факторлар. Осындай қарапайым, бірақ маңызды мәселелерді жүйелі шешу үшін «AMANAT» партиясы елордада TURGYNDAR AMANATY жобасының фронт-офисін ашты. Бұл бастама арқылы енді астаналықтар осындай үдерістердің жай бақылаушысы емес, тікелей қатысушысы бола алады.

TURGYNDAR AMANATY жобасы көппәтерлі үйлер мен аулаларды басқарудың жана сапалы моделін енгізуге бағытталған. Бұл – партияның сайлауалды уәделерін жүйелі орындауының жалғасы. Осы жылдың шілдесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары әзірлеген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі заңға қол қойған болатын.

Нормативтік-құқықтық негіз қалыптасқандықтан, ендігі маңызды міндет – мүлік иелері бірлестігі (МИБ) төрағаларына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлеріне және көпқабатты үй тұрғындарына нақты қолдау көрсету. Осы мақсатта елордада TURGYNDAR AMANATY жобасы пилоттық режимде іске қосылды. Жоба заманауи,

қауіпсіз және ашық орта қалыптастыруды көздейді.

Партия хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, соңғы екі жылда партияның сайлауалды бағдарламасы аясында елордада 22 мектеп және Есіл өзені арқылы өтетін жана көпір салынды. Сондай-ақ 3,5 мыңнан астам жеке үй газға қосылып, қоғамдық көлік паркі 700 жана автобуспен толықты. Оның айтуынша, қаланы дамыту тек инфрақұрылыммен шектелмеуге тиіс, басты мақсат – тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқарудың жана моделін қалыптастыруды тапсырды. Бұл реформалар әр тұрғынның өмір

сапасына тікелей әсер етеді. Президент белгілеген міндеттер TURGYNDAR AMANATY жобасында көрініс тапқан. Партия тұрғындарға өз үйі мен ауласының жағдайына тікелей ықпал етуге мүмкіндік беретін құралды ұсынып отыр. Біз МИБ төрағаларына қолдау көрсетіп, тұрғындар, коммуналдық қызметтер мен жергілікті атқарушы органдар арасында тікелей диалог орнатуға жағдай жасаймыз», – деді Ержан Жылқыбаев.

«AMANAT» партиясының Астана қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбектің айтуынша, көптеген МИБ төрағаларына ортақ мүлікті ашық әрі тиімді басқаруға қажетті білім мен құралдар жетіспейді. Сол себепті жоба аясында OSIskills атты тәжірибелік семинарлар өткізу, тұрғындардың нақты бастамаларын қолдау және



барлық деңгейдегі депутаттармен тұрақты кері байланыс жүйесін қалыптастыру қарастырылған.

«Жылдар бойы адамдар өздерінің жарналары қайда жұмсалатынын және шешімдерді кім қабылдайтынын білмей келді. Аулада орындықтың, автотұрақтың немесе коқыс жәшігінің болуы – әрбір тұрғынның қатысуымен қабылданатын шешім болуға тиіс. Біз оқу курстарын барша қала тұрғындары үшін, ең алдымен, МИБ төрағалары үшін тегін өткіземіз. Сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі чат-боттар іске қосылады,

олар жиі қойылатын сұрақтарға жауап беріп, тұрғындарға көмек көрсетеді», – деді ол.

Бүгінде Астанада 3 300-ден астам көппәтерлі үй бар, олардың 3 020-сы мүлік иелері бірлестіктері құрамында жұмыс істейді.

TURGYNDAR AMANATY жобасы бойынша оқуға жазылу үшін +7 (7172) 36-19-45 телефоны арқылы немесе Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 3 мекенжайы бойынша хабарласуға болады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

156-ОРАМНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕ МЕ?

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы мен Партиялық бақылау комиссиясының бірлескен отырысында Тұран ауданына қарасты 156-орамның көптен бері қордаланып келген мәселесі кеңінен талқыланды. Жиынға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов төрағалық етті.



Кенейтілген отырысқа Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Ғани Ташқараев, партия жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Берген Ержаппар, фракция жетекшісі, мәслихат депутаты Қайрат Имашев, мәслихат депутаттары, Тұран аудандық прокуратурасы, ОҚО «Қазтелерадио» АҚ өкілдері, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Сәулет және қала құрылысы басқармасы, Жер қатынастары басқармасы, аудан әкімдігінің өкілдері және 156-орамның тұрғындары қатысты.

Кездесуде тұрғындардың ұжымдық өтініші қаралды. Олар бірнеше жылдан бері өзінің жеке меншік жер учаскесіне тұрғын үй сала алмай, салғандар құжаттың ресімдей алмай отырғанын атап өтті.

Сәулет және қала құрылысы басқармасы архитектуралық-жоспарлау тапсырмасын (АПЗ) беруден бас тартып келеді. Себебі басқарманың мәліметінше, бұл аумақ қаланың бас жоспары бойынша өнеркәсіптік аймақ ретінде белгіленген.

Тұрғындар қолдарында мемлекеттік акт болғанына қарамастан, үй сала алмағыз ба, әлде заңды түрде тыйым салына ма – белгісіз жағдайда қалғандарын айтты.

Мамандардың айтуынша, аумақта орналасқан «Қазтелерадио» АҚ телемұнарасынан бөлінуі мүмкін радиациялық толқындар адам денсаулығына зиян келтіреді деген қауіп бар. Қолданыстағы нормаға сәйкес, телемұнарадан 300 метр радиуста тұрғын үй салуға рұқсат берілмейді.

Алайда бүгінгі цифрлық технологияның дамуына байланысты бұл арақашықтықты қысқарту мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін, бірақ ол үшін радиациялық сәуле деңгейін бір жыл ішінде 50 рет өлшеу қажет. Егер тексеру қорытындысы оң нәтиже көрсетсе, 300 метрлік шектеу қайта қаралуы ықтимал.

Жиын барысында барлық тараптың пікірін тыңдаған комиссия заң талаптарына сай толыққанды тексеру жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылдады. Алдағы уақытта бұл мақсатқа қажетті қаржы қарастырылып, тексеру жұмыстары ресми түрде басталатын болды.

Ербол Байқонысов өз сөзінде: «Бұл мәселенің шешімі – тек нақты зерттеулер мен құқықтық қорытындыларға сүйенгенде ғана әділ болады. Партия тұрғындардың мүддесін қорғау үшін барлық процессті бақылауда ұстайды. Ең бастысы – халықтың қауіпсіздігі мен заңдық құқығының сақталуы», – деді.

Телемұнараға байланысты мәселе бойынша оң қорытынды алынған жағдайда ғана, бұл аумақтың өнеркәсіптік аймақ статусы қайта қаралатын болады.

Айта кетейік, жуырда Партиялық бақылау комиссиясы мен Жер аманаты комиссиясы 156-орамға барып, тұрғындармен көшпелі жиын өткізген болатын. Қазіргі таңда телемұнараның 300 метр радиусына 279 жер учаскесі кіреді. Оның 60-ында құрылыс жүріп қойған. Бұл жер телімдері Оңтүстік Қазақстан облысы кезеңінде жекеменшікке берілген.

Елнар ЕЛТАЙ

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында білім және денсаулық сақтау мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін инфрақұрылымның қолжетімділігіне мониторинг жүргізу мақсатында арнайы жұмысшы топ құрылып, Тараз қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысандарға зерделеу жұмыстарын жүргізді.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА ЗЕРДЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Зерделеу барысында бірнеше нысанда бірқатар олқылық анықталды. Атап айтқанда, 400-ге жуық баланы қамтитын «Бакытты болашақ» оқушылар сарайында мүгедектігі бар жандар үшін қауіпсіз әрі кедергісіз орта толық қамтамасыз етілмеген. Мекемеді арбадағы азаматтарға арналған пандус мүлдем қарастырылмаған. Электронды көтергіш орнатылғанымен, құрылғы істен шыққан, шақырту түймесі де жұмыс істемейді. Оның өзі тек екі сатыға дейін ғана көтереді, әрі қарай көтерілетін баспалдақ бар. Көру қабілеті бұзылған азаматтар үшін де қолайлы жағдайлар жасалмаған. Мекеме сыртына орнатылған тактильді жолақтар стандартқа сай келмейді, ал ішкі бөлмелерде мұндай жолақтар мүлде қарастырылмаған.

Халықтың қозғалысы шектеулі тобы жиі келетін «Оптимед» көз хирургия орталығында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта мүлде қарастырылмаған деуге болады. Мәселен, арбамен қозғалатын адамдар үшін пандус орнатылғанымен, ол тиісті стандарттарға сай келмейді. Тіпті балалар арбасын итеріп шығуға тырысқан аналар үшін де бұл пандус қауіпті. Пандус маңында орнатылған



шақырту қонырауы жұмыс істемейді. Арнайы жұмысшы топ мүшелері қонырау тетігін 8-9 рет басса да, мекеме ішінен ешкім жауап бермеген. Сондай-ақ көру қабілеті бұзылған азаматтар үшін де ешқандай жағдай жасалмаған. Нысанға кіретін жолда тактильді жолақтар жоқ, мекеме атауы Брайль қарпімен жазылмаған. Сонымен қатар санитарлық-тұрмыс-

тық бөлмелер де толықтай бейімделмеген, яғни мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімсіз. Жалпы алғанда, орталықта инклюзивті орта қалыптастыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілмеген.

Жұмысшы топ анықталған олқылықтар бойынша тиісті ұсыныстар дайындап, жауапты органдарға жолдады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ ҚАРАЛДЫ

Тараз қаласында Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінде студент жастармен маңызды кездесу өтті. Жиынның мақсаты - жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру.



Іс-шараға «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері Қасымхан Төлендиев пен Зайнуддин Махусеев, Тараз қалалық полиция басқармасы басшысының кадр жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Берік Сәлемов және университет проректоры Мақсат Мусабоев қатысты.

Кездесу барысында ел Президенті 5 қарашада қол қойған «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлық кенінен түсіндірілді. Онда көрсетілген «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» секілді қағидаттар жастардың өмірлік ұстанымына айналуға тиіс екені айтылды.

Сондай-ақ қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жастарды әділдікке, адалдыққа баулу мәселелері қозғалып, нақты мысалдар арқылы заңнамалар түсіндірілді. Спикерлер жастарды парасатты ұрпақ болуға шақырып, құқықтық сауаттылықтың маңызын атап өтті.

НАРЫҚ

11 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

ERG: КӘСІБИ БАҒАЛАУДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС

Eurasian Resources Group (ERG) Қазақстанның тау-кен металлургия саласындағы алғашқы кәсіби біліктілікті тану орталығын ашты. Бұл – еңбекті тәуелсіз бағалау жүйесін дамыту мен сала мамандарының кәсіби біліктілігін арттырудағы маңызды қадам және айтулы жаңалық.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Жаңа орталық Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасында аккредитациядан өтіп, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен құрылды. Жоба тау-кен және металлургия салаларындағы қызметкерлер мен лауазымға үміткерлердің кәсіби деңгейін тәуелсіз түрде бағалап, ресми түрде тануға арналған. Сондай-ақ кәсібилікті жетілдіру негізінде Ұлттық біліктілік жүйесі талаптарына сәйкестендіріле отырып, оның дамуына да өз үлесін қосады. Ал Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту – саладағы кадр тапшылығын шешу және еңбек нарығындағы кәсіби бағалауға деген сенімді нығайтуға бағытталған бастама.

Орталықтың көмегімен қызметкерлер оқи жүріп, тәжірибе жүзінде жинақтаған білім-білігін ресми түрде растай алады. Компаниялар үшін бұл кадрлар құзыретін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Бағалаудың бірінғай стандарты ашық және айқын негізде жүргізіледі. Мұндай тәсіл өндірістің тиімділігін арттырып, кәсіпорындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуына ықпал етеді.

— Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында елімізге жоғары білікті, кәсіби дайын мамандар қажет екенін айтты. Кәсібилікті тәуелсіз бағалау орталығы — ERG-дің Қазақстандағы адам капиталын дамытуға қосып отырған үлесі. Біз халықаралық стандарттарға сай ашық және әділ бірінғай бағалау жүйесін қалыптастырамыз. Бұл біздің мамандарымыздың тек ел ішінде ғана емес, сыртта да бәсекеге қабілетті болуына жол ашады, — деді ERG

директорлары кеңесінің төрағасы, Бас атқарушы директоры Шұхрат Ибрагимов.

Павлодар облысы кәсіпкерлер палатасының қолдауымен және саладағы білікті сарапшылардың қатысуымен ашылған орталық біліктілікті тәуелсіз бағалаудың озық тәжірибелеріне сүйенеді. Мұнда жұмыс мемлекеттік және халықаралық талаптарға сай жүргізіледі.

— ERG-дің бұл орталығы болашақта халықаралық деңгейде қызмет көрсетіп, шетелдік ұйымдармен де серіктесе алатынына сенімім мол. Мұндай құрылымдар өнеркәсіп аймақтарын кеңінен қамтып, кәсіпорын қызметкерлерінің кәсіби қабілет-қарымын елде де және шетелдерде де мойындатуға мүмкіндік



береді. Кәсіпорындар мен оқу орындарының ынтымақтастығы кәсіби даярлаудан бастап, біліктілікті тануға дейінгі толық экожүйені қалыптастырады. Бұл білім беру мен өндіріс жүйесі қанаттаса қатар жүретін болашақтың даму моделі, — деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биашметов.

Алғашқы кезеңде біліктілікті тануға 12 негізгі кәсіп бойынша бағалау жүргізіледі. Олардың қатарында феррокорытпа балқытушы, матаушы, металлургиялық өндірістегі кран машинисі, электргазбен және қолмен доғалы дәнекерлеуші, электрмен дәнекерлеуші, жарушы, ұңғылаушы, экскаватор мен тиіп-жеткізу машинасының машинисі, ауыр жүк көліктерінің жүргізушілері сынды мамандықтар бар. Бағалау соңғы заманауи үлгіде міндетті және ерікті түрде жүзеге асырылады. Орталық қызметін

тек ERG қызметкерлері ғана емес, басқа да кәсіпорын мамандары, студенттер мен түлектер, мердігер ұйым жұмысшылары да пайдалана алады.

ERG кәсіби біліктілікті тану орталығын Ақсу қаласында ашуы бекер емес. Таңдау — әлемдік феррокорытпа өндірісінің алпауыты мен Топтың «Энергетика» дивизионының құртамары орналасқан қаланың әлеуетіне сай жасалды. Бұл бағалау үдерістерінің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз етеді.

Алдағы уақытта компания мұндай орталықтарды Рудный мен Хромтау қалаларында да ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар бағалау нәтижелерін ERG-дің корпоративтік оқыту жүйесіне енгізу көзделген. Бұл HR-жүйелерінде қызметкердің кәсіби деңгейін автоматты түрде ескеруге мүмкіндік береді.

ЭНЕРГЕТИКА — ЕЛ ТІРШІЛІГІНІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Қай заманда да халықтың әл-ауқаты мен мемлекеттің қуаты — ең әуелі оның инфрақұрылымдық іргетасының берік болуымен өлшенген. Таза су, жарық, жылу және газ қарапайым игіліктер болып көрінгенімен, бұлар бүгінгі өркениетті өмірдің ажырамас бөлшегі ғана емес, ел тұрақтылығының айнасы. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуды ел дамуының басты басымдықтарының бірі ретінде айқындады. Президенттің Жолдау жолдарында «Инфрақұрылым — елдің тіршілік жүйесі, халық сенімінің өзегі» деп нақты атап көрсетіп еді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Расында да, Жолдауда көтерілген мәселелер — нақты өмір шындығының көрінісі. Тариф саясатын әділ ету, энергетика мен коммуналдық саланы тиімді басқару, «ақылды қалалар» тұжырымдамасын кеңейту — барлығы да азаматтардың өмір сапасын барынша арттыруға бағытталған. Бұл — мемлекеттік бағдарлама ғана емес, ұлттың тұрмыстық мәдениетін жана сапаға көтеретін аса маңызды бетбұрыс.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ — ЕЛДІҢ ТЫНЫСЫ, ҚОҒАМНЫҢ ҚҰАТЫ

Ақмола облысы — еліміздің жүрегі, Астананың тірегі. Бұл аймақта энергетика мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы, әсіресе соңғы жылдары жүйелі жаңғыру жолына түсті десек қателеспейміз.

Аймақ халқын таза ауыз сумен, жылумен, жарық және көгілдір отынмен үздіксіз қамтамасыз ету аса маңызды стратегиялық міндеттердің бірі. Биыл осы мақсаттарға облыста 94 миллиард теңге қарастырылды. Оның ішінде республикалық, облыстық және арнайы қорлар есебінен бөлінген қаржы нақты нәтижеге бағытталған инвестиция екенін атап өткен жөн.

Бұл орайда аймақтың инфрақұрылымдық жағдайын жақсартуға бөлінген әр тиын ел игілігіне жұмсалып жатқаны рас. Себебі бұл сала — жай ғана инженерлік жүйелердің жиынтығы емес, ол — өмірдің өзегі, халықтың күнделікті тіршілік етуіне мүмкіндік беретін қажеттіліктер.

ТІРШІЛІК НӘРІ — ТАЗА СУ

Таза суға қол жеткізу — әрбір адамның табиғи құқығы. Президент өз Жолдауында еліміздің су инфрақұрылымы ондаған жылдар бойы кенжелеп қалғанын ашық айтып, бұл бағытта түбегейлі өзгеріс қажет екенін шегелеп тапсырған еді.

маңызды белеске айналған. Бұл жоба облыс орталығын толықтай таза ауыз сумен қамтып, экологиялық және санитарлық қауіпсіздік деңгейін жана сатыға көтергенін атап өткен жөн.

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ — ЖАЙЛЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Қыс қытымыр келетін өңір үшін жылу — өмірдің өзегі. Президенттің тапсырмасына сай, Ақмола облысында жылу жүйесін де жанарту қарқынды жүріп жатыр.

Биыл жылыту маусымына дайындыққа жалпы көлемі 43 миллиард теңге бағытталған. Бұл сомаға аймақтың бірнеше елді мекенінде қазандықтар жаңартылып, жылу желілері жөнделіп, энергия ресурстары толық қамтамасыз етілді. Облыстық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше жыл соңына дейін Көкшетау іргесінде құл-қоқыс полигоны, Ақкөл мен Ерейментау аудандарында автоматтандырылған жана қазандықтар іске қосылмақ. Бұл — 8 мың абоненттің сапалы жылумен қамтылатынын айғақтайды.

— Қазірдің өзінде 59 қазандық жаңартылып, 9,7 шақырым жылу желісі жөнделді. Осының арқасында аймақта осыған дейін аса күрделі мәселе болып келген тозу деңгейі 39 пайыздан 37 пайызға дейін төмендеді. Бұл сандардың артында мыңдаған отбасының алаңсыз қысты қарсы алуға деген сенімі жатыр, — дейді Ақмола облысы тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бактыбек Жапаев.



ЭНЕРГИЯ — ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАЛТҚЫШ КҮШІ

Президент өз Жолдауында еліміздегі электр желілерінің тозғанын да атап, алдағы бес жылда 14 ГВт жана қуат көзін іске қосу, 10 энергоблок пен 39 турбинаны күрделі жөндеуден өткізу міндетін қойған болатын.

Ақмола облысында бұл бағытта да серпінді жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, өткен жылы «Қоянды Оңтүстік» пен «Боровская» атты екі ірі қосалқы станция іске қосылып, 30 мың тұрғын мен 3 мың абонент тұрақты электр жүйесімен қамтылған. Биыл электр желілерін жаңғыртуға бюджет қоржынынан 3,7 миллиард теңге бөлінген. Жакын уақытта Целиноград ауданының Қараөткел, Қоянды, Қаражар және Ақмол ауылдарында ұзындығы 240 шақырымнан асатын жана желілер салынбақ.

Бұдан бөлек, Аршалы ауданының Костомар ауылында 72 шақырымдық желі құрылысы жүріп жатыр. Бұл жобалар аяқталған соң, 9 мыңға жуық абонент сапалы электр қуатымен қамтылып, электр тарифі 40 теңгеден 28 теңгеге дейін төмендету көзделген.

Сонымен бірге биыл 400 миллион теңгеге көше жарығын орнату жобалары жүзеге асуда. Наурызбай батыр мен Атамекен ауылдары бүгінде жана жарық шамдарының нұрымен түрленіп, бұл ауыл өміріне жанаша рең берген.

ГАЗДАНДЫРУ — ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА ЖОЛ

Газ — экологиялық әрі экономикалық тұрғыдан тиімді энергия көзі. Соңғы жылдары облыста газдандыру жұмысы жана қарқын алды. Әсіресе, Астана маңындағы елді мекендер «Сарыарқа» магистральдық газының игілігін көруде. Биыл Нұрлы, Шұбар және Аққайын ауылдарында ақ түйенің қарны жарылып, 209 шақырым газ желісі пайдалануға

берілген. Қосшы қаласында 192 шақырымдық желі тартылып, 30 мыңнан астам тұрғын көгілдір отынға қосылды.

— Қазіргі уақытта 178 мың адамды қамтитын 10 жоба жүзеге асырылып жатыр. Жыл соңына дейін тағы 6 елді мекенге газ келеді. Бұл — 55 мың адамның өмір сапасын арттыратын нақты нәтиже болмақ, — деп толықтырды басқарма басшысы Бактыбек Бекенұлы.

SMART TURMYS — ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Заманауи технологиялар өміріміздің барлық саласына дендеп енген. Президент тапсырмасына сәйкес, Ақмола облысында коммуналдық қызметті цифрландыру бастамасы да қолға алынғанын атап өткен жөн.

Мәселен, жанадан іске қосылған Smart Turmys платформасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бірінғай цифрлық контуры болып отыр. Ол су, жарық, жылу, газ және қалдықтарды шығару сияқты қызметтерді бір жүйеге біріктіріп, әр тұрғынға өз шығынын нақты есептеп, тек пайдаланғаны үшін ғана ақы төлеуге мүмкіндік береді.

Бұл — ашықтық пен әділдікке негізделген жана модель екені даусыз. Цифрлық технология тұрғындардың билікке деген сенімін арттырып, коммуналдық саладағы қызмет сапасын жана деңгейге шығарған.

P.S. Энергетика мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы — ең ауыр, ең жауапты, бірақ ең абыройлы сала. Өйткені бұл бағыттағы әрбір нәтиже — адамдардың жайлы өмірі, әр шаңырақтың жылуы, әр баланың денсаулығы болмақ. Мемлекет басшысы айтқандай, «Елдің ертегі — бүгінгі еңбекте». Ендеше, қоғамдағы әр адам өз еңбегі арқылы халық сенімін ақтап, өмірдің өркендеуіне үлес қоса беруге тиіс...

КӨКЕЙКЕСТІ

11 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

«ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ»: ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Ел ертеңі, мемлекеттің жарқын болашағы – білімді де білгір, жігерлі де жалынды жас ұрпақтың қолында. Елдің ертеңгі жетістіктері де өміршең істердің бастауында тұрар бүгінгі жастармен кемелдене түспек. Сондықтан мемлекет өскелең ұрпақты білім, мәдени, шығармашылық, психологиялық, физиологиялық дамытуға, денсаулығын қорғауға баса мән беріп келеді. Осы орайда елде 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы әзірленіп жатыр. Президенттің IV Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес қабылданғалы тұрған бұл ерекше бағдарлама балаларға нендей игілік әкеледі?

Айхан ШӘРІП

ҚАЗІРГІ ЖАС – ТЕК ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕГІ

Бір қызықты дерек бар. 2025 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаттық алғанына 34 жыл толады. Ал елімізде 35 жасқа толмаған азаматтардың бәрі – жастар санатына жатады. Яғни, дәл қазіргі жас атаулының барлығы – Тәуелсіздіктің түлектері! Оның бірі қалмай бәрі тәуелсіз Қазақстанда өмірге келді және бодандық емес, тек бостандық заманында ер жетіп келеді.

Қай заманда да қоғамның қозғаушы күші – жастар. Болашақ Қазақстан қандай болады десек, қазіргі жас ұрпаққа қараған жөн. Олар өткен ғасырдағы тоқырауды емес, жана мыңжылдықтағы өрлеу рухын және толағай табысқа ұмтылысты бойына сіңірді, еркін өсті. Мемлекеттің міндеті – болашағына үлкен сеніммен қарайтын сол ұрпағының әрбір ізгі қадамына қанат байлатар, дарынын ұштап, арынына өріс ашар іргелі үрдістер мен берекелі бастамаларды ілгерілету.

Міне, осы мақсатта Мемлекет басшысының тапсырмасымен, балаларға қатысты бұрын-соңды болмаған жаңа тұрпатты бағдарлама қабылданатын болады. Оның ерекшелігі – биыл жүзеге асыру мерзімі аяқталып, күші жойылатын түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарлардың бірнешеуін біріктірмек. Сондықтан Үкімет мұны мұқият ойластырып, нақты шешім қабылдауға міндетті.

Құжатпен жұмыс Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтайдың қорытындысы бойынша берген тапсырмасына сәйкес жүргізілуде. Құрылтайдың 2025 жылғы 14 наурызда өткен сол жиынында Қасым-Жомарт Тоқаев мысалы, 2023 жылы бекітілген, нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы жоспардың мерзімі биыл бітетінін еске салды. Оны ауыстыратын жаңа құжат даярлану үстінде. Десек те, осы қауіпті кеселге қарсы күрес шараларының бір бөлігін Үкімет жас ұрпаққа қатысты бағдарламаға да көшіре алар еді.

Президент биылғы жылы балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне-өзі қол салудың алдын алу туралы жоспардың мерзімі де түгесілетінін еске салды. Қазақстан әйелдер мен балалардың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылдады. Былтыр барлық аймақта балаларды психологиялық қолдау орталықтары ашылды.

Қолданыстағы заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тоқаевтың айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды, бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге мұндай келенсіз оқиғалар жетіылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ушықтырып жібергені тілге тиек етілді. Жас ұрпақты жымысқы жат қозғалыстардан



қорғау да күн тәртібінде күйіп тұр. Үкіметтің жаңа бағдарламада діни тәрбиеге көңіл бөлгені маңызды.

–Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысынан шет қалып отыр. Мұның сыртында осы бағыттағы жұмыстар қазір әртүрлі құжатпен реттеледі. Шашыраңқы болып тұр. Соның бәрін бір жерге жинақтаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай, «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн. Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек. Бұл өте маңызды құжат болмақ, — деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында.

БАҒДАРЛАМА НЕГЕ КЕШІКТІ?

Президенттік бағдарламаны жазуға Оқу-ағарту министрлігі ғана емес, балалар құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Денсаулық сақтау, Мәдениет және ақпарат, Туризм және спорт, Ішкі істер, Ғылым және жоғары білім, Қорғаныс министрліктері жұмылдырылып жатқандықтан, құжаттың түпкілікті ортақ нұсқасы әзірге дайын емес.

Сондықтан жуырда Үкімет үйінде Премьер-министрдің орынбасары— Үкімет аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаевтың төрағалығымен өткен кеңесте 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасының жобасы емес, тек тұжырымдамасы талқыға салынды. Отырыста бағдарламаны әзірлеуге Оқу-ағарту министрлігінің балалар омбудсменін, Парламент депутаттарын және азаматтық қоғам өкілдерін тартқаны мәлімделді.

«Аталған құжат Қазақстандағы балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған қолданыстағы және жоспарланған барлық шараны біріктіруге бағытталған. Бұл өскелең ұрпақтың мүддесі үшін жүйелі, тұрақты әрі дәйекті саясат құрудағы маңызды қадам болмақ», — деп хабарлады ведомство.

Осы ауқымды жұмыс барысында мемлекеттік органдар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатыс-

ты барлық бағдарламалық, нормативтік және стратегиялық құжатқа ревизия жүргізді. Бұл қайталанатын ережелерді анықтауға, бір бағдарлама аясында өзара кіріктіріп, интеграциялауға, ескірген, кемеліне келтіріп, жетілдіруді қажет ететін бағыттарды айқындауға мүмкіндік беріпті.

Жауапты тұлғалардың түсіндіруінше, мұның бәрі бағдарлама жазу аясында атқарылатын жұмыс ауқымын еселеп арттырған екен. Кешігуінің бір себебі сонда болса керек. Мемлекет басшысы тиісті міндетті наурызда қойғаны мәлім. Содан бері 8 айдай уақыт өтті. Бұдан бұрын, биылғы мамырда сол кездегі Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев «Қазақстан балалары» 2025-2026 жана оқу жылы басталғанша дайын болатынын хабарлаған еді. Сөзінде тұра алмады.

Аталған құжат Қазақстандағы балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған қолданыстағы және жоспарланған барлық шараны біріктіруге бағытталған. Бұл өскелең ұрпақтың мүддесі үшін жүйелі, тұрақты әрі дәйекті саясат құрудағы маңызды қадам болмақ.

Ғалымжан Қойшыбаев бағдарламаның Қазақстандағы әрбір баланың құқықтары мен әл-ауқатын жүйелі қорғауды қамтамасыз ететін тұрақты мемлекеттік саясаттың негізіне айналуда тиіс екенін атап өтті. Жиын қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдарға келіп түскен ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, бағдарламаны әрі қарай пысықтау бойынша бірқатар тапсырма берілді. Әйткенмен, шенеуніктер бұл істі тым созбалаңға салып жібермеуі қажет. «Қазақстан балалары» бағдарламасы биылғы жыл соңына дейін қабылданып, 2026 жылдың басында күшіне енеді деп күтіледі.

БІР «ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА» — ТҮРЛІ ЖОБА

Президенттің өзі мән берген құжатты сапалы жасау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Құрамына барлық жауапты

мемлекеттік органның, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, түрлі сала сарапшылары кіріпті. Топқа түрлі ұсыныс әлі күнге түсіп жатыр.

Солардың негізінде кенауқымды әрі бірыңғай бағдарламаның негізгі 7 ірі бағыты айқындалды. Олар жас ұрпаққа тәрбие беруді, білімді қолжетімді етуді, шығармашылығын дамытуды, жастардың денсаулығын қорғауды және саламатты өмір салтын қалыптастыруды, спортпен шұғылдануына жағдай жасауды, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, буллингтен, зорлық-зомбылықтан қорғауды, осал отбасындағыларын әлеуметтік қамсыздандыруды және басқасын — жасөскіндер өмірінің әртүрлі саласын қамтиды. Оларды толықтыру және пысықтау жалғасады.

Нашакорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен, буллинг-әлімжеттікпен және бұзақылықпен күрес күн сайын өзекті бола түседі. Жас ұрпақ арасындағы түрлі әлеуметтік кеселге қарсы іс-қимылға бүкіл қоғам болып жұмылуы керек. Ендеше жаңа бағдарлама қоғамды тыс қалдырмағаны абзал. Түптеп келгенде, «Қазақстан балалары» бірегей бағдарламасы әрбір баланың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған қолданыстағы және алда жоспарланып отырған барлық шараны біріктіруге тиіс.

«Бұл мемлекеттің, ата-аналардың, педагогтердің, дәрігерлердің, әлеуметтік қызметтер мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің күш-жігерін біріктіретін Қазақстандағы тұңғыш кешенді бағдарлама болмақ. Осы себепті балалық шақты қорғау саласында жасалған барлық істерді — нормативтік-құқықтық құжаттардан бастап нақты шараларға дейін неңін тиімді екенін, ал қай тұстары қайта қарауды, толықтыруды қажет ететінін түсіну үшін мұқият талдау жүргізілді. Сондай-ақ статистика өзектілендіріліп, зерделенді, себебі әрбір санның артында баланың тағдыры тұр», — деп атап өтті Оқу-ағарту министрлігі.

«Қазақстан балалары» бағдарламасы тікелей өскелең ұрпақтың қызығушылығы мен мүддесіне бағытталатын тұрақты және дәйекті мемлекеттік саясаттың өзегіне, темірқазығына айналуға тиіс. Оның аясында, әсіресе жас ұрпақ арасында ұлттық рухани-мәдени құндылықтарымызды, қазақы дәстүр мен дүниетанымды дәріптеу маңызды. Ұлттық рухтың уызына жарыған ұрпақ қана азаттық пен тұтастықты, асыл тілімізді, айбынды ұлтымызды сақтап

кала алады. Шыққан тегін, салт-дәстүрін, данқты бабалардың өнегелі өмірін білетін және асыл мирастай ары жалғай алатын рухы берік, ойы озық елді ешкім тізе бүктіре алмайды.

Өз кезегінде, Төтенше жағдайлар министрлігі жаңа бағдарлама аясында практикалық шараларды, әрбір баланы жүзу дағдыларына тегін үйретуді ұсынды. ТЖМ жыл сайын оқу жылы ішінде балаларға төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық ережелерін түсіндіруге күш салады. Сондай-ақ оқушылар, педагогикалық құрам және ата-аналар арасында алғашқы көмек көрсету бойынша профилактикалық жұмыс жүргізіледі. Осы мақсатта оқу орындарында қадет сыныптары, әскери-патриоттық клубтар, «Жас құтқарушылар» және «Жас өрт сөндірушілер» үйірмелері белсенді енгізіліп, дамытылып жатыр.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сарапшылары жас ұрпақтың критикалық ойлау қабілетін, ақпараттық және қаржылық сауаттылығын, ұжым ішінде жұмыс істей білуді дамыту қажетіне назар аудартты. Осы мақсатта мысалы, республикада бес мыңнан аса дебат клубы істейді. Бұған дейін Президент те айтқандай, балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау үшін олардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Жас ұрпақ көп уақытын интернет пен әлеуметтік желілерде өткізетіні жасырын емес. Олар жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсуі ықтимал. Сол себепті әр педагог балаларды өз эмоциясын ұстауға, кез келген нәрсеге немесе жағдайға байыппен қарап, дұрыс шешім қабылдауға үйретуі керек.

Қазіргі заман жастарында кейде менмендікке, эгоизмге ұштасатын индивидуализм, окшауланушылық, өз мүддесін өзгеден жоғары қою басым. Білімді, дарынды жастар қабілет-қарымын көбірек бағалайтын және көбірек төлейтін елдерге кетіп қалады. Білімді, білікті жас маман өз елімізге керек. Оларды Қазақстанда ұстап қалудың нақты жолдары мен тиімді тәсілдері жаңа бағдарламада көрініс тапса, құба-құп.

Біз сөйлескен елордалық педагогтердің ұсынуынша, жаңа бағдарламада жас ұрпақтың құндылықтық бағдарын қалыптастыруды, жанына жағатын әрі жақсы табыс әкелетін болашақ кәсібін айқындауға нақты септесуді, өмірден өз орнын табуына тиімді көмектесуді қарастыратын нақты шаралар, тәсілдемелер мен тетіктер қарастырылса дұрыс. Онсыз, сылдыраған су сөзден, игі ниеттен ғана тұратын бағдарламаның «өмірі» ұзақ болмайды. Мысалы, «Біртұтас тәрбие», «ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы», бұған дейін болған және өскелең ұрпаққа арналған өзге де құжаттар міндет-мақсат үдесінен шыға алмады, адымы алысқа бармады.

Білім жүйесінде жас ұрпақтың бойына адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарды дарытуға бағдарланған түрлі іс-шара жүзеге асырылады. Биылғы жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымында, соның ішінде жекеменшік мектептерде де жаңа тәрбие моделі — «Адал азамат» атты біртұтас бағдарламасы енгізілді. Бұл — бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, бірақ мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестірілген. Бағдарламаның басты мақсаты — адал, еңбек-кор, елжанды азаматтарды тәрбиелеу.

Бұдан бөлек, мектептерде «Оқитын ұлт», «Таза Қазақстан — экологиялық мәдениет», «Отбасы және орта мектеп», «Дәстүр мен ғұрып», «Құқықтық сана — қауымға пана», «Еңбек — елдің мұраты», «Үнем — қоғам қуаты», «Қоғамға қызмет», «Мектеп өмірінің бір күні» (ата-аналарға арналған экскурсия), мектепте психологиялық қызметті ұйымдастыру, мектептердің татуластыру қызметтері, өзге де көптеген жоба қолға алынған. Осы және басқа жобалардың ірісі, ілкімдісі «Қазақстан балалары» бағдарламасында қамтылса, бүкіл елде шашыранқы түрде емес, «бір шаңырақ» астында бірдей жүзеге асырылса жөн.



РУХАНИЯТ

11 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

«Мағжан орталығы» – Алаш арыстары туралы тыңғылықты зерттеп жүрген орталықтың бірі. Алаш қайраткерлерінің есімін ұмыттырмай, шығармашылығын зерттеумен ғана айналыспай, Солтүстіктен шыққан ірі қаламгерлер мен қайраткерлердің де мұрасын дәріптеу мақсатында игі істер атқарып жатыр. Осы төңіректе публицист, қоғам қайраткері, мағжантанушы Жарасбай Сүлейменовке бірқатар сауал қойған едік.

— Солтүстік Қазақстан облысы Алаш арыстарының кіндік қаны тамған қасиетті мекен деген сөздерді жиі айтамыз. Қазір өңірде осы тарихи мұра қалай дәріптелеіп, зерттелеуде?

— Иә, дұрыс айтасыз, Солтүстік Қазақстан облысы – ұлылардың мекені. Басқаларды былай қойғанда, жалғыз Мағжан Жұмабаевтың өзі неге тұрады! Мағжан — осы өлкенің төл перзенті. Оның жастық шағы да, өмір жолының бастау кезеңі де осында өтті. Біз жастарды дәл сол тұлғалардың өнегесінде тәрбиелеуіміз керек. Қазір біз отырған «Мағжан орталығы» да осы мақсатта жұмыс істейді. Ол тек Мағжан шығармашылығын зерттеумен шектелмейді, жалпы өңірден шыққан ірі қаламгерлер мен қайраткерлердің мұрасын дәріптеу, оны жастарға жеткізу бағытында еңбек етуде. Мағжан есімі бүгінде облыстағы оқу орындарына, көшелерге, мәдени мекемелерге берілді, ескерткіштері орнатылып жатыр. Алаш арыстарын танудың маңызы неде десек, жастарды олардың жан-дүниесіне үнілуге баулу мәселесі алға шығады. Егер жастар елін, жерін, ұлтын Мағжан сияқты сүйсе, білім мен өнерге құштарлық танытса, бізде арман болмас еді. Осы ретте Алаш арыстарының бірі Міржақып Дулатовтың сонау аласапыран заманда Қызылжар топырағын басқанын айтқым келеді. Ол патша билігінің қуғынынан бой тасалап, едәуір уақыт осында өмір сүрген. Осында Мағжанмен танысқан, оның қабілет-дарынын байқап, бағыт-бағдар берген. Тіпті, орыс тілін үйренуге, білім қуып Омбыға баруға кеңес берген де — сол кісі. Демек, Алаш арыстарының ізі бұл өңірде сайрап жатыр. Оны жастар білуі керек, бұл — ұлт тарихының маңызды бөлігі.

— Үлкендерден біздің өңірдің тарихы өте бай дегенді жиі естиміз. Өкінішке қарай, сол құндылықтарды толық пайдалана алмай жатқан сияқтымыз. Тарихи атауларға қатысты сөз қозғасақ, әлі де кезегін күтіп тұрған іс көп сияқты көрінеді. Сіз қалай ойлайсыз?

— Бұл — күрделі әрі өте өзекті мәселе. Иә, тәуелсіздік алғаннан бері бірқатар атау қайтарылды, бірақ өңірімізде бұл мәселе толық шешімін тапты деуге ерте. Жер-су, елді мекендердің байырғы атауларын қайтарудың баяу жүріп жатуының себебі көп. Мәселен, біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл іске жедел-ғабыл кірісіп, жүйелі сипат бере алмадық. Сол кезде оно-

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, публицист:

АЗАТ ОЙ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

мастика мәселесіне ел дамуының маңызды шарты деп қарасақ, қазір жағдай мүлде басқаша болар еді. Қазір өңірімізде өзге ұлт өкілдері басым, қазақтардың үлесі аздау. Сондықтан да тарихи атауларды қайтару мәселесінде түрлі көзқарас бар. Бірақ қалай десек те, бұл жұмыс тоқтамауы керек. Менің өзім жиі айтып жүретін ұстанымым бар: «Топонимика тәуелсіз болмай — ел тәуелсіз болмайды». Билік те, қоғам да бұл іске бейжай қарамауға тиіс.



Қазақтардың Солтүстікте көбейгенін бәріміз қалаймыз, өйткені бұл — шекаралық аймақ, ұлттың қауіпсіздігімен байланысты маңызды өңір. Арамызда соны түсінбейтіндер де бар. Мысалы, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Тимирязев ауданындағы Белоградовка ауылына Монғолиядан 200 отбасы көшіп келген еді. Мемлекет үй салып, жағдай жасады, бірақ көпшілігі тұрақтай алмады. Себеп көп: ауа райының қолайсыздығы, бейімделу қиындықтары, кейде адамдардың өз мүддесін алға қоюы үлкен мақсатқа тұсау болып отыр.

— Өңірдің рухани болашағына сенемін деп айтып қалдыңыз. Жалпы, «Рухани отарсыздану» ұғымын қалай түсінесіз? Бұл идеологиялық бағыт па, әлде нақты жүзеге асатын іс пе?

— Бұл — өте маңызды ұғым. Біз көп жыл бодан ел болдық. Сол себепті отарлық сананың сарқыншақтарынан әлі де арыла алмай келеміз. Көп қандастарымыз қазақ тілін толық меңгермеген, тіпті кейбірі өз тілінде сөйлеуге ұялады. Отарсыздану — тек топонимика мен тіл мәселесіне ғана қатысты емес, ол сана мен рухты тазарту. Біз ұлттық құндылықтарымызды, дінімізді, тілімізді аялауымыз керек. Қазір жаһандану дәуірі, көптеген жастарымыз біреудің қаңсығын таңсық көреді, батысқа еліктейді. Бірақ өзіміздің қазақы болмысымызды сақтамасак, ұлт ретінде жойылып кетуіміз мүмкін. Мен мұны біреулерді қорқытаын, үркітейін деген ниетпен сөз етіп отырған жоқпын. Әлемде сондай кепті кигендер бар екенін тағы бір еске салу артық емес деп ойлаймын. Демек, рухани отарсыздану — идеология ғана емес, әрқайсымыздың өмірлік ұстанымымызға айналуға тиіс.

— Сөз соңында оқырманға айтар тілегіңіз бар ма?

кейбіреулердің бұл бағыттағы істерге көңілі толмай жатады, бірақ негізгі бағыт дұрыс. Ең бастысы — Алаш аты тарихтан ешқашан өшпейді.

— Алаш идеяларын жана буынға жеткізудің тиімді жолдары қандай деп ойлайсыз?

— Бір-ақ жолы бар: оқу және іздену. Жастар кітап оқымайтын болды — бұл үлкен кемшілік. Кітап оқымаған адам терең ойлай алмайды, сөздің қадірін сезбейді. Сонымен қатар жастарда Алашқа деген сүйіспеншілік, құрмет болуы керек. Мысалы, Смағұл Сәдуақасов — біздің жерлесіміз, ұлтқа адал қызмет еткен тұлға. Осындай адамдарды үлгі ету арқылы жастардың бойына ұлтқа деген сүйіспеншілікті сіңіруге болады.

— Смағұл Сәдуақасовты «жерлесіміз» деп сөзіңізге тиек еттіңіз ғой. Осы тұрғыда бір сұрақ туындап тұр. Қалай ойлайсыз, сол кісі секілді ұлттың жанашыр адамдар көбейсе, Солтүстік Қазақстан облысы болашақта ұлт руханиятының орталығына айнала ала ма?

— Әрине. Қазірдің өзінде өңіріміз — қазақ руханиятының ажырамас бөлігі. Бұрын қазақ мектептері аз болса, қазір

Иә, тәуелсіздік алғаннан бері бірқатар атау қайтарылды, бірақ өңірімізде бұл мәселе толық шешімін тапты деуге ерте. Жер-су, елді мекендердің байырғы атауларын қайтарудың баяу жүріп жатуының себебі көп. Мәселен, біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл іске жедел-ғабыл кірісіп, жүйелі сипат бере алмадық. Сол кезде ономастика мәселесіне ел дамуының маңызды шарты деп қарасақ, қазір жағдай мүлде басқаша болар еді.


жағдай түбегейлі өзгерді. Қазақ театры қайта ашылып, мәдениет пен өнер өркендеп келеді. Қазақылық бұл өңірде ешқашан жоғалған емес. Елдің шетінде, желдің өтінде отырсақ та, ұлттық рухымыз берік. Жастар белсенді, ізденімпаз. Сол себепті мен солтүстіктің рухани болашағына сенемін.

— Ал енді осы тұрғыда Оңтүстіктен Солтүстікке қоныс аудару бағдарламасы демографиялық мақсатпен қатар мәдени және рухани миссияны да атқарып отыр деп айтуға бола ма?

— Өз басым бұл бастаманы қос қолымды көтеріп қолдаймын. Бірақ іске асырылуы әлі де ойдағыдай емес.

— Қазақ ұлтының жаны — оның руханиятында. Сол рухты сөндірмей, ұлттың болашағына адал қызмет ету — әрқайсымыздың парызымыз. Жастар өткенін білсе, болашағына сеніммен қарай алады. Азат ой ғана алға жетелейді. Ел болашағы — жастарымыздың соны әрдайым есте ұстағаны жөн.

Сұхбаттасқан Анар ЗИЯДИНА, Жаная ДЕРБИСОВА, М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың «Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының 2-курс студенттері



АЙҚЫНДАМА

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі-Кәсіпорын) мекенжайы:010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 11/1.

Кәсіпорын қызметінің мәні: Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу.

Функционалдық міндеттері: Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады және тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның даму және жұмыс, бюджеттеу жоспарын әзірлейді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметінің мәселелерін шешеді. Кәсіпорынның міндеттемелері

мен функцияларын орындауды қамтамасыз етеді. Қызметкерлер орындайтын есептердің, хаттардың, ақпараттардың уақытылы ұсынылуын және сапасын бақылайды. Қызметкерлердің жоспарларды орындауын бақылауды жүзеге асырады. Жұмыстың жана және қазіргі заманғы әдістерін жетілдіру, жоспарлау және енгізу жөніндегі жұмысты талдайды және ұйымдастырады. Мемлекеттік билік және басқару органдары мен басқа да мүдделі ұйымдардың табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық-консультациялық қызметтері бойынша жұмысты ұйымдастырады. Кәсіпорын қызметінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және бақылайды. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі алдындағы кәсіпорынның барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді бақылайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану);

әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); жаратылыстану ғылымдары (химия және/немесе экология).

Мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне сәйкес басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Мүмкіндігінше «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесінің немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімінің болуы.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу Қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15 кіреберіс, 4 қабат, 435 кабинет, анықтама үшін телефоны: . 8(7172)74-12-19, e-mail: me.alipbaeva@ecogeo.gov.kz Меруерт Бердібайқызы Алыпбаева, мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

ТЫНЫС

ӘЛЕУЕТІ ҮЛКЕН ӨНЕРКӘСІП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айындағы Жолдауында өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келгенін айтқан болатын. Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау мен металлургия саласында ірі кәсіпорындар ашылды. Биыл Алматыда Қазақстандағы ең ірі автокөлік өндірісі іске қосылды. БҚО-да да ірі кәсіпорындар бар. Солардың бірі – Орал трансформатор зауыты. Зауыттың жалпы аумағы – 32 969 м², ол жерде 238 адам жұмыс істейді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

«Орал трансформатор зауыты» ЖШС Alageum Electric казакстандық компаниялар тобына кіреді. Бұл компания — Қазақстанның электротехника саласындағы жетекші кәсіпорындарының бірі. Зауыт қазір жылына 12 мың трансформатор өндіреді. Ол дегенің — айына 1000 трансформатор жасап шығарады деген сөз. Кәсіпорын 6-10 кВ бастап, қуаттылығы 2500 кВА-ға дейінгі аралықтағы трансформаторлар және панельдік радиаторларды шығарады. Дайын өнім негізінен Ресей нарығына жөнелтіледі. Одан бөлек, Әзербайжан, Армения, Грузия және басқа елдерге де экспортталады. Зауыт еуропалық өндірушілердің заманауи жабдықтарымен толық жабдықталған. Өнімнің барлығы халықаралық стандарттарға сәйкес сертификатталған. Бұл зауыт дайындап шығаратын трансформаторлар мен радиаторлардың сапасын, қауіпсіздігі мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Орал трансформатор зауыты Karachaganak, ExxonMobil, KazTransOil, PetroKazakhstan, KazStroiService, KEGOC, KazAtomProm, Chevron, Самұрық-Энерго және «Каз-МұнайГаз» секілді ірі компаниялармен серіктес. Зауыт осы кезге дейін бірнеше мәрте жоғары сапалы қызметі үшін наградалар алған. Атап айтсақ, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығы, 2023 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Парыз» сыйлығын алған. Орал



трансформатор зауыты — БҚО экономикасына айтарлықтай үлес қосып отырған бірден-бір кәсіпорын. Ол жерде 238 адам еңбек етіп, нәпака тауып отыр. — Біздің зауыттағы барлық құрал шетелден әкелінген. Оларды Италиядан, Швейцариядан алдырамыз. Біз аймақтағы ең ірі жұмыс беруші саналамыз. Себебі бізде 300-ге жуық адам еңбек етеді. Зауыттың негізгі күші — жұмысшылар. Қара-

пайым электриктен бастап, цех жетекшісі деңгейіне дейін өсіп жатқан мамандарымыз бар. Зауытта негізінен жастар жұмыс істейді. Біздің зауытты Үкімет те қолдап отыр. Субсидия аламыз, — дейді Орал трансформатор зауытының сату бөлімінің басшысы Нұрберген Каримов. Зауытта бірнеше цех бар. Әр цех өз міндетін атқарады. Трансформатордың әр бөлісін жинап, құрастыру, кейін дайын өнім-

ді техникалық тексерістен өткізу, қоймаға жөнелту одан әрі тапсырыс беруші тартапқа жеткізуге дейінгі аралықта зауыттағы қарапайым жұмысшылардың еңбегі өлшеусіз. Сондай жандардың бірі — Дмитрий Маликов. Оның жұмысы қауіп пен қатерге толы. Себебі ол дайын трансформаторларды тексеретін бөлімде жұмыс істейді. Бұл жерде трансформатордың сапасы тексеріледі. Апатты жағдайға трансформатордың қалай бейімделетіні анықталады. — Мен осы құрылғылардың көмегімен дайын өнімді тексеремін. Бірінші кезекте сапаға қараймыз. Трансформатордың апатты жағдайларға қалай төтеп бере алатынын, қуаттылығын, қауіпсіздігін жерде тексерістен өткіземіз. Иә, кейде ақауы бар өнім анықталады. Құрастыру кезінде немесе жинау кезінде қате кетуі мүмкін. Бірақ ол өте сирек болады. Ондай кезде кері қайтарамыз. Біз тапсырыс берушілерге тек 100 сапалы өнімді жібереміз, — дейді техникалық тексеру бөлімінің маманы Дмитрий Маликов. Жалпы, Қазақстан бойынша Ақтау трансформатор зауыты, Петропавл, Кентау трансформатор зауыттары, Алматы электр механикалық зауыты осы Оралдағы Орал трансформатор зауытымен әріптестік байланыста қызмет етеді. Барлық қалада филиалдары бар. — Alageum Electric казакстандық компаниялар тобына 14 ірі зауыт кіреді. Барлық қаладағы зауыттардың алдына қойған мақсаты бар. Орал трансформатор зауытының мақсаты — экспортты жабу. Біздің өнімдердің 95 пайызы шетелге кетеді. Ал Кентаудағы зауыт оңтүстік өңірлердің қажетін жабады. Петропавлдағы зауыт солтүстік өңірлер мен Ресейдің көршілес қалаларын қамтиды. ҚР бойынша ішкі нарықты жабуға да Орал трансформатор зауыты жұмылдырылады. Біз тапсырыстар қабылдап, оны орындаймыз. Бірақ ішкі нарық тек 5 пайызды құрайды, — деп атап өтті Орал трансформатор зауыты сату бөлімінің басшысы Нұрберген Каримов. Орал трансформатор зауытының да қозғаушы күші — қарапайым еңбек адамдары. Зауытқа кірсеніз, бас көтермей жұмыс істеп жатқан қарапайым жұмысшыларды көресіз. Орал трансформатор зауытында қарапайым инженер-техниктер мен электриктер жұмыс істейді. Олар осы жерден нәпака тауып отбасын асырайды.

Тіпті, осы зауыттың ішінде жүріп жұбын тауып, отбасын құрғандар да бар. — Зауыт жанынан 400 орындық жатақхана салдық. Қазір ол жерде осы зауыттың қызметкерлері отбасыларымен тұрып жатыр. Жастарды зауыт қаражатына оқытамыз. Егер жас мамандар магистратура оқимыз десе, оқу ақысын төлейді. Әрине, кейін ол жас осы зауытта жұмыс істеуге міндетті болады. Біз өзіміздің кадрлардың біліктілігін арттырудан қашпаймыз. Зауыт жетекшілігі жұмыс істеп жүріп дүниеге бала әкелген әйелдерге де қаржылай қолдау береді. Біз былтыр өзіміздің зауыттың қызметкерлеріне арнап «Омега» тұрғын үй кешенінен 5-6 пәтер сатып алғанбыз. Бірақ облыстағы су тасқыны кезінде судан зардап шеккен отбасыларға сол пәтерлерді сыйға тартып жібердік. Елде кандай жағдай болса да, біз елмен біргеміз. Себебі біздің зауыт — осы облыстың бір бөлшегі, — дейді Орал трансформатор зауытының сату бөлімінің басшысы Нұрберген Каримов. Бұдан бөлек, төленетін мерекелік сыйақылар бар. Жалпы, зауыттағы еңбек адамдарының орташа жалақысы 400 мың теңгені құрайды деп көрсетілген зауыттың ресми хабарламасында. Сонымен қатар 2016 жылдан бері зауыт өңірдегі жоғары оқу орындары мен колледждермен, соның ішінде Жәңгір хан атындағы БКАТУ және БКІТУ-мен тығыз әріптестік байланыс орнатқан. Кәсіпорын ұжымы экологиялық бастамаларға да белсенді қатысады, зауыт аумағында 500-ден астам ағаш көшеттері отырғызылған. — Орал трансформатор зауыты — отандық инженерлік шешімдердің, технологиялық инновациялар мен әлеуметтік жауапкершіліктің өзара үйлесімін көрсететін стратегиялық маңызды кәсіпорын. Зауыттың қызметі Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға және қазақстандық машина жасау өнімдерін халықаралық деңгейде ілгерілетуге елеулі үлес қосады, — дейді Орал трансформатор зауытының сату бөлімінің басшысы Нұрберген Каримов. Орал трансформатор зауыты соңғы бес жылда 10 млрд теңгеден астам салық төлеген. Облыстағы 300-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отырған ең ірі кәсіпорындардың бірі. Зауыт алдағы жылдары өнім көлемін арттыруды көздеп отыр.

ЖҮЗДЕСУ

ОТБАСЫ БЕРІКТІГІ – ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Шымкент қаласында әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру, гендерлік теңдікті нығайту және отбасылық-демографиялық саясатты жетілдіру мәселелеріне арналған кең көлемді басқосу өтті. Бұл жиын қазіргі қоғамдағы әйелдің рөлі мен жауапкершілігі, отбасы құндылығы, баланың дамуы мен тәрбиесі секілді маңызды тақырыптарды қамтыды. Іс-шараға мемлекеттік орган өкілдері, ғалымдар, депутаттар, медицина және білім саласының мамандары, азаматтық қоғам мүшелері қатысты.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Жиынды «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов ашып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әйелдердің құқықтарын қорғау мен қоғамдағы белсенділігін арттыру бағытындағы саясатына тоқталды. Оның айтуынша, бүгінде «AMANAT» партиясы қатарындағы әйелдердің үлесі 65 пайыздан асады, ал бастауыш ұйымдардың жартысынан көбін әйелдер басқарады. Бұл көрсеткіш нәзікжандардың ел өміріндегі орнын айқындайды. Партияның «Әйел аманаты» жобасы әйелдерді қолдау, олардың әлеуетін арттыру және әр салада көшбасшы болуына мүмкіндік беретін диалог алаңы ретінде маңызды рөл атқарып келеді. Басқосуда әйелдер қанатының жетекшісі Наргиза Керимбаева өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, қоғамда әйел көшбасшылығын дамыту бағытындағы нақты нәтижелерге тоқталды. Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының доценті, саясаттанушы Сәуле Рысбаева «Гендерлік теңгерім және теңдік» тақырыбында сөз сөйлеп, еліміздегі әйелдердің мемлекеттік басқарудағы үлесі артып келе жатқанын атап өтті. Ал қалалық Мәслихат депутаты, профессор Дария Қожажарова «Ғылымдағы әйелдердің рөлі» жөнінде баяндама жасап, әйелдердің білім мен ғылым саласындағы табандылығы мен еңбегі ел дамуының қозғаушы күші екенін айтты. Әйелдердің әлеуметтік белсенділігі мен гендерлік теңдік тақырыбы отбасылық құндылықтармен тығыз байланысты. Осы мақсатта «AMANAT» партиясы Шымкент

қалалық филиалының әйелдер қанаты ұйымдастырған «Спорт арқылы бала тәрбиесі: тәртіп, жігер, құрмет» және «Бала гигиенасы — денсаулық кепілі» атты кездесулерде аналар мен мамандар баланың жан-жақты дамуына қатысты пікір алмасты. Кездесуде сөз алған Наргиза Керимбаева бала бойындағы тәртіп пен төзімділік ертенгі азаматтық ұстанымның бастауы, спорт тек денешынықтыру емес, ол ерік-жігер мен мінездің мектебі екенін атап өтті. Қазақстан гимнастика федерациясының президенті, қалалық мәслихат депутаты Әлия Юсупова спорттың бала психологиясына оң әсер ететінін жеткізді. — Бала спортпен айналысқанда өзін жеңуге, мақсат қоюға және нәтижеге жетуге үйренеді. Бұл қасиеттер оны өмір бойы жетістікке жетелейтін негіз болады, — деді ол. Ал дәрігер Дария Төккұлыева бала гигиенасы мен аурулардың алдын алу мәселесін көтеріп, денсаулықтың бастауы тазалықта, қарапайым гигиеналық дағдыларды балаға ерте жастан үйрету ата-ананың басты міндеті екенін жеткізді. Кеңес отырысында сөз алған сарапшылар мен қоғам белсенділері әйелдердің саяси, әлеуметтік және отбасылық өмірдегі белсенділігі мықты қоғам мен тұрақты мемлекеттің кепілі екенін атап өтті. Гендерлік теңдік ұғымы — тек әйелдердің құқықтары емес, ол жұмылған қоғамның бірлігі мен әділдігі, ұрпақ тәрбиесі мен отбасылық мәдениеттің негізі. Осындай бастамалар арқылы Шымкент қаласында әйелдердің әлеуетін ашу, отбасылық институтты нығайту және балалардың тәрбиесі мен денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстар жаңа қарқын алып отыр. Қоғамның даму деңгейі әйелдің әлеуетіне, ананың беделіне және баланың тәрбиесіне тікелей байланысты. Отбасы берекесі — ел болашағының кепілі.

ЖӨН ЕКЕН!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ұлттық болмысты сақтау мен оны күнделікті өмірде қолдану қоғамның рухани жаңғыруындағы маңызды бағыттардың бірі екенін ерекше атап өткен болатын. Президент «Ұлттық киімді тек мерекелік шараларда ғана емес, күнделікті өмірде де киіп жүру дәстүрін қалыптастыру қажет» деген бастама көтерген еді. Осы үндеуге үн қосқан Түркістан облысының білім беру ұйымдары бүгінде оқушылар арасында ұлттық киім кию мәдениетін жаңғыртып, жаңа үлгіде жүзеге асырып отыр.

ҰЛТТЫҚ КИІМ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

Н.ҚАЛМЫРЗАТЕГІ,
Түркістан облысы

Түркістан қаласындағы «Келешек мектептері» бағдарламасы аясында бой көтерген №32 жалпы орта мектеп бұл бағыттағы жанаңшыл бастамалардың алдыңғы қатарында. Заманауи үлгіде салынған, 2 100 оқушыға арналған білім ордасында бүгінде 172 мұғалім еңбек етеді. Мектеп ұжымы ұлттық құндылықтарды дәріптеу ісіне ерекше ықыласпен кірісіп, ұлттық киім мәдениетін оқу процесіне сәтті енгізді. Бұл туралы мектеп директоры Айгүл Абайқызы бұл бастаманың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті. «Біз балаларымыздың бойына ұлттық сана мен рухты сіңіргіміз келеді. Сол себепті заманауи мектеп болғанымен, киім үлгісіне қазақы нақыш енгізуді жөн көрдік. Ата-аналар да бұл бастаманы қуана қабылдады. Басты мақсат — ұлттық құндылықты киім арқылы бала жүрегіне жеткізу. Ең қызығы, оқушыларымыз үзілісте асық, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарды ойнап, қазақтың тұрмыс-салтын өзара талқылай бастады. Осылайша, киім үлгісі тек сыртқы сән емес, баланың дүниетанымына әсер ететін рухани құралға айналып отыр», — дейді мектеп басшысы. Бүгінде №32 мектеп оқушыларына арналған киім үлгісі ұлттық нақышта әзірленіп, қыздарға жеңіл қамзол мен белдемше, ұлдарға оюлы шапанша мен ак көйлек түрінде ұсынылған. Киімдердің дизайны ұлттық өрнек пен заманауи талғамды ұштастырады. Бұл жобаға жергілікті тігін шеберханалары да атсалысып, отандық өндіріс қолдау тапты. Білім ордасы тек киім үлгісін енгізіп



қана қоймай, оқу бағдарламасына да ұлттық рухтағы мазмұнды іс-шаралар енгізген. Әр жұма сайын «Ұлттық құндылықтар күні» өткізіліп, ұстаздар мен оқушылар ұлттық киіммен сабаққа қатысады. Бұл дәстүр «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүзеге асып, мектеп мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Мұғалімдер қауымы бұл тәжірибенің оқушылардың өзін-өзі ұстау мәдениетіне, мектептегі рухани ахуалға оң ықпал еткенін атап өтеді. Балалар өз киімін мактан тұтады, ұлт тарихы мен дәстүрі туралы көбірек білуге ұмтылады. Айта кетейік, Түркістан қаласындағы басқа да білім ордaları бұл бастаманы қолдап отыр. Мәселен, №24 Мұстафа Шоқай атындағы мектеп пен №23 жалпы білім беретін мектеп оқушылары да былтырдан бері сабаққа ұлттық нақыштағы киіммен қатысуды дәстүрге айналдырған. Аталған мектептерде әр айдың соңында «Ұлттық бол-

мыс апталығы» ұйымдастырылып, оқушылар арасында ұлттық киім тарихына, ою-өрнектердің мағынасына арналған танымдық сабақтар өтеді. Мұндай жұмыстың барлығы мектептің тек білім беруші емес, рухани құндылықтарды сақтаушы орта екенін айғақтайды. Ұстаздар мен ата-аналардың пікірінше, бұл бастама балалардың бойында ұлтқа деген құрметті арттырып, туған жер мен елге деген сүйіспеншілікті күшейтеді. Жалпы, Түркістан облысы қазақ халқының тарихи-рухани орталығы, мәдени астанасы. Сондықтан мұндағы әрбір бастама ұлттық сана мен дәстүр сабақтастығын жаңғыртумен тығыз байланысты. Білім басқармасы мамандарының айтуынша, облыстағы барлық мектепте алдағы уақытта ұлттық киім мәдениетін насихаттауға бағытталған іс-шаралар жоспары жасқалуда. Мұндай үлгі тек киім киюмен шектелмей, ұлттық ойындар, халық әндері, ата-баба мұрасы туралы сабақтар арқылы оқушының рухани тәрбиесін күшейтеді. Түркістан өңірінде бастау алған бұл бастама ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық киім мәдениетін күнделікті өмірге енгізу жөніндегі тапсырмасының нақты орындалуының жарқын үлгісі. Мектеп оқушыларының қазақы киім киіп сабаққа қатысуы — ұлттың рухани жаңғыруының айқын көрінісі, ұлттық тәрбенің жанданғанының белгісі. Осындай игі қадамдар арқылы еліміздің ертені жас ұрпақ өз тамырына жақындай түсіп, ұлттық сана мен мәдениетке деген сүйіспеншілігін күнделікті өмір салтына айналдырады.



11 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

Мәдениет пен руханият-тың жанашыры, еліміздің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірін суреттейтін «Өзбекәлі» атты сахналық қойылымының премьерасы осыдан бір ай бұрын Алматы қаласында өткен еді. «Жас сахна» театры қойған спектакль одан кейін еліміздің 13 өңіріне гастрольдік сапармен барып, тұлғаның елге сіңірген еңбегі, ұлттық мәдениетті жаңғырту жолындағы қайраткерлігі сахна тілінде көрініс тапты. Тарих пен тағылымға толы көрініс астаналық көрерменнің де ыстық ықыласына бөленді.


ҰЛТТЫҚ РУХ

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ
КОЙЫЛЫМ ИНТЕРАКТИВІ –
ӨНЕРДЕ

Өзбекәлі Жәнібековтің қой баққан қыр балаларын сауаттандырудағы жанкештілігі қойылым кіріспесіне негіз болды. Қолында билік болған тұста «Ата-бабаң қой баққан, сен де мал бақсан озасың!» деген бір кездегі қазақтың санасына сіңген солшыл ұғымның жаңашылдыққа жат екенін түсіндіруге тырысады. «Қала – бұзылғандар мен өмірі өксігендер тұратын өлке. Қазақтың орны – мал жайлауы болған, бабадан қалған ең дала» сынды қызыл ұранның жалған екенін ұғындыру үшін мектеп бітіріп, асқақ арманға қол созады. «Қой соңында қарны тойып, құйрық жеуді» ғана білген елге дүниенің жаңалығын айтып, кеудесіне қоғамдағыны жеткізетін радионы үлестіргені – ел үшін қызметте ұсақ-ірі істің аражігі болмайтынының анық айғағы.

«Шетке кеткен Тайқазанды Отанына қайтарамын, «Бес Арыс», «Үш Бәйтерек» сияқты алаштың игі жаксыларының атына жұққан қара күйені тазартамын» деп жүріп, тың даласына айналған тасы да қастерлі Торғай өлкесіне жер аударылған сәті қойылымда көрініс тапты. Арқалықтағы бөтен тілді атауларды қазақыландырудан бастап, халықты қазақыландыруға дейінгі қылған ісі көрермен алдында сомдалды. Цензураның ортасында отырған тұста идеологияны тізгіндей жүріп, үш жыл ішінде Торғайды Республикадағы алдыңғы қатарлы өңірге айналдырды. Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқов пен Халықтың аңыз ақыны Мұхтар Шахановқа «Арқалықтың ақ танын» жырлатқан Өзбекәлі Жәнібековтің өнер мен өлеңге деген құрметіне көпшілік бағзыдан тәнті. Қойылымдағы интерактив те осы жерде. Халық Шәмшіні сомдаған актермен бірге Торғайдың таулары мен паң даласын «Арқалықтың ақ таны» деп әнге қосты.

Бірнеше қалада гастрольде жүріп, саханалап жүрген шығармашылық құрамның өнеріне әр өңірдің ықыласы да түрліше болыпты. Мәселен, қойылымның премьерасы Алматы, Қызылжар қалаларында аншлаппен өтті. Қазақ жастарына үлкен үміт артып, «Олар қой бакпайды, әрқайсысы асқақ арманына қол жеткізіп, ұлтқа қызмет ететін тұлғаға айналады» деген өмірлік ұстанымына адал болған тұлғаның бейнесі сахнада жан-жақты ашылғандай. Спектакльде мұндай өмірде болған тұлға болмысын көрсету үшін актерлік шеберлік жеткіліксіз, кейіпкердің мінезін, рухын, тіпті болмыс-бітімін де дәл



ШАМШЫРАҒЫ

бере білу керек. Осы тұрғыдан алғанда Өзбекәлі бейнесін сомдаған актер Диас Жағыпаров көрерменге тек тарихи тұлғаны емес, тұтас дәуірдің рухын жеткізе алды дерсіз, себебі Өзбекәлі Жәнібековтің көзін көргендер дәл осындай пікірін айтып, актерге деген жылы лебізін толассыз білдіріп жатты.

— Өзбекәлі атамyzдың рөлін ойнамса да, болмысын толық аша алдым деп айта алмаймын. Өйткені әр қалаға барған сайын, әр адаммен жакын сөйлескен сайын атамyzдың бізге беймәлім жаңа қырын біліп жатырмын. Қазір көбі Өзбекәлі атамyzды мәдени майданға, өнерге ғана үлес қосқан тұлға деп таниды. Негізгі олай емес екен. «Өзбекәліні» Семей қаласында қойғанымызда жасы сексенді алқымдаған бір ақсақал келіп: «Мен Өзбекәлі ағамен жолдас әрі сапарлас болдым. Абай облысында Ұржар деген аудан бар. Сол ауданда үлкен механа ашуға себепкер болды. Халықтың әл-ауқатына, көптеген жағдайы төмен отбасыға көмек беріп, үй де алып берген», — деген еді. Одан кейін арнайы Қонаев қаласында қойғанымызда Түркістаннан Өзбекәлі атамyzдың ет-жақындары келді. Жасы 90-дар шамасындағы

Төкеновтің айтуынша, спектакль тарихи тұлғаға негізделсе де, көркемдік тұрғыда қосылған кейіпкерлер бар.

— Қойылымда «Аты жоқ адамның» образы бар. Бұл — нағыз ойдан қосылған жиынтық кейіпкер. Қоғамды азғыратын да, жаман жолға түсіретін де, қысқасы сол кезде қандай тақырып өзекті болып тұрса, соның бәрін бір бойына жинап алған кейіпкердің образы. Осы арқылы Өзбекәлі атамyzдың қиындықты қалай еңсергенін, ұрпаққа қалай із қалдырғанын жеткіздік. Басты кейіпкердің болмысын ашу үшін, жандандыру үшін осындай көркемдеуші образдар керек. Ал шынайы өмірде болған адамдар Өзбекәлінің өзі, жары Халихан, Сақан Құсайынов, Дінмұхамед Қонаев, Шәмші Қалдаяқов пен Мұхтар Шахановтың образдары бар, — деді режиссер.

Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен қызметіне арналған «Өзбекәлі. Мәдени майдан» атты кітаппен жаксы таныс көрермен қойылымды көрмес бұрын оны осы кітап негізінде сахналанды деп ой түйген еді. Алайда күткенінен артығын алған олар кейіпкермен бірге қуанып, кейіп-

Қойылымда «Аты жоқ адамның» образы бар. Бұл – нағыз ойдан қосылған жиынтық кейіпкер. Қоғамды азғыратын да, жаман жолға түсіретін де, қысқасы сол кезде қандай тақырып өзекті болып тұрса, соның бәрін бір бойына жинап алған кейіпкердің образы.

ақжаулықты апа келіп: «Өзбекәлі атамды тірідей көрдім, балам. Рен-басың мен мінезінді қатты ұқсаттым» деп мандайымнан сүйді. Осындай тұлғаның образын сахнаға алып шыққаныма, көрерменге жеткізе алсам — маған сол қуаныш, — дейді актер Диас Жағыпаров.

«ТЕАТР ШЫҒАРМАНЫ ТІРІЛТЕДІ»

Қойылымның сценарий авторы — белгілі кинорежиссер Жандос Құсайынов. «Жамбыл. Жана дәуір», «Шабдалы», «Шатқал» фильмдерінің сценарийін жазған Жандос Құсайынов о баста Өзбекәлі Жәнібек туралы кино түсірмек болған. Алайда жоба кейін театр сахнасына лайық болып шықты. Сахна тілінде жазылған портреттік спектакль Өзбекәлінің қырын емес, оның кім екенін көрсетуді мақсат еткен. Қойылымның режиссері Беріккан

кермен бірге мұнайды, кей сахнасында бірге ән шырқады. Тарихи, танымдық, портреттік сипаттағы спектакльді сахнаға шығару 6 айлық дайындықты қажет еткен. Режиссер осы уақытта бір тұлғаны толық ашуға болатын деректі тапқанын тілге тиек етті.

— Біз, режиссерлер жазылған сценарийге қарап «өмір сүреміз». Шығарманы тірілтеміз. Пьесаны жазу мен сахналау екі бөлек. Сондықтан актерлер де ізденісте жүрді. Актерлер таңдау мәселесі жоба авторлары үшін оңайға соқпады. Бірінің уақыты, бірінің гонарары сәйкес келмеді. Сөйтіп, кастинг жариялалық. Басты кейіпкер Өзбекәліні таңдауда көрерменді сендіру үшін сыртқы бейнесі ұқсайтын актер ізледім. Жалпы, атамyzды көрсету үшін айналасындағы қосымша рөлдердің толық ашылуына көңіл аудардық. Өйткені рөлді ашатын сондай кейіпкерлер еді, — деді Б.Төkenov.

Қойылымды тамашалауға келген көрермен қарасы қалын. Бөрінің жүзінен тарихи тұлға туралы тың дерек білгенін, жан-дүниесіне жакындай түскенін көруге болады. Театрдың әр спектаклін қалт жібермей көретін көрерменнің бірі Шаттық Садуақас «Өзбекәлі» қойылымының сәтті шыққанын айтып, жүрекке жеткенін жасырмады.

«Қойылымды тамашалап отырып, үлкендердің айтып жүрген «қаладан қашқан қазақ» туралы оқиғасына тағы бір мәрте қанық болдым. Мысалы, менің атам Сәдуақас Сегізov — Ақтөбеден 550 шақырымда Торғай өзен бойындағы Нұра деген жерде совхоздың малын бағып, тракторын айдаған, жылдар бойы жоспардан асырып, егіз төл ала білген адам. Атамның Кенестік кеністікте медальға толған кеудесінде күн-түні радиосы жүрегін көрінеді. Совхоздың 60 жылдық тойына қонаққа келген телеарна журналистері өз материалдарында «Көзі ашық, көкірегі ояу Секен» деген ат берген. Бүгін мен мақтанатын, газет пен журналға жиі мақала жазатын, «Социалистік жарыс жеңімпазы», «Озат малшы», «Үздік Механизатор» атанған атамның кімнің арқасында осындай сауатты тұлға болғанын білдім. Өз ауылымызда көз көргендердің әлі күнге дейін аңыз қылып айтып жүрген тағы бір оқиғасы бар. Атам күй тартып, жыршылығымен көзге түскен соң, өнер сүйетіндер Алматыға шақыртқан екен. Бірақ әкесі жалғыз баланы бұрын көріп-білмеген қаладағы өркениетке жібермесе керек. Дәл бүгінгі қойылымдағы «қалада қалып қалуудан қорыққан қазақтың» күні сияқты. Бұл — көз алдымызда сахналанған сәттің шын тарихта да сахналанғанына айқын айғақ. Ұжымда малшы тапшылығынан жастарды қой соңына салып, сауатсыз етуді көздегендерге қарсы шыққан Өзбекәлі атамyzды ұрпақ ұмытпайды деген сенімдемін! Қазақтың қаншама ұлқызының көзін де, басындағы бағын да ашқан тұлғаның есімі ұлықталуға тиіс!» — дейді көрермен-журналист Шаттық Садуақас.

Өзбекәлі Жәнібеков — бүгінгі күндегі ел алдында басшылықта жүрген тұлға үлгі боларлық жан. Билікте отырып, жанына бауыры мен тамыр-танысын жимаған, шын мықтыны алыстан тани біліп, мұқалғанға қамқор бола білген ел ағасының елеулі ісі қойылымда ерекше сахналанды. Бала күнгі көрген қиындығы мен жетімдігінен бастап, жан-жарымен қарым-қатынасы, қиын күндегі сүйеу болғандар мен сырт айналғандардың да образдары көркем жеткізілді.

МЕНІҢ СИМВОЛДАРЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Жаңаөзен қаласында мемлекеттік рәміздердің құндылығын дәріптеу мақсатында тағылымды іс-шара өтті. Маңғыстау облыстық медициналық колледжінде «Қазақстан экологиялық қоры» жүзеге асырып отырған «Qazaq Symbols: Кеше, Бүгін, Ертең» атты әлеуметтік жобасы аясында «Менің символдарым – менің мақтанышым» атты танымдық дәріс ұйымдастырылды.



Дәрістің негізгі мақсаты — жас ұрпаққа Тудың, Елтаңба мен Әнұранының терең мағынасын ұғындыру, әрбір элементінде жатқан тарихи тамыр мен рухани мәнді түсіндіру және мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін қалыптастыру, ұжымдық рухты нығайту және патриоттық идеологияны кенінен тарату.

Шараға 50-ге жуық студент қатысып, ой-пікірлерін бөлісті. Жастар мемлекеттік рәміздер туралы викторина сұрақтарына жауап беріп, елдік сана мен патриотизм тақырыбында пікір алмасты. Дәріс барысында еліміздің рәміздері туралы бейнероликтер көрсетіліп, қатысушыларға арнайы ақпараттық материалдар таратылды.

Колледж студенттері бұл кездесудің тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтіп, мұндай шаралар жастардың еліне деген сүйіспеншілігін арттыратынын атап өтті. Мемлекеттік рәміздің мәні — елдің еңсесін көтеріп, халықтың рухын биіктету. Туымыз желбіреп, Елтаңбамыз жарқыраған сайын, Әнұранымыз шырқалған сайын әр азаматтың жүрегін мақтаныш пен бірлік сезімі кернейді. Сондықтан мұндай жобалар тек тәрбиелік шара емес, ұлттық рух пен елдік сананы нығайтудың нақты тетігі саналады.

«Qazaq Symbols: Кеше, Бүгін, Ертең» әлеуметтік жобасы тек бір дәріспен шектеліп қалған жоқ. Қоғамдық қор «Қазақстан экологиялық қорының» бастамасымен және Маңғыстау облыстық білім басқармасы мен оқу-әдістемелік бөлімінің қолдауымен өңір мектептері мен колледждерінде мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңызын насихаттауға бағытталған бірқатар ауқымды іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, интерактивті сабақтар, ашық дәрістер, көрмелер, конференциялар, патриоттық челлендждер мен викториналар ұйымдастырылды. Оқушылар мен студенттер әссе жазу, сурет салу және шығармашылық байқауларға қатысу арқылы өз елінің рәміздеріне деген сүйіспеншілігін өнер мен сөз арқылы жеткізді.

Сонымен қатар жобаның маңызды бағыттарының бірі ретінде мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйым қызметкерлеріне арналған тренингтер, шеберлік сабақтар мен практикалық семинарлар өткізілді. Семинар барысында қатысушылар еліміздің мемлекеттік рәміздерінің тарихы, авторлары мен олардың символдық мазмұны туралы терең мәлімет алып, тәжірибелік талқылаулар жүргізді. Жоба аясындағы осындай кешенді іс-шаралар Маңғыстау облысы мен Жаңаөзен қаласының білім беру ұйымдарында, мәдени мекемелерінде және еңбек ұжымдарында кенінен жүзеге асуда. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңірдің басқа да елді мекендерін қамтитын болады. Жоба «Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және олардың маңызын түсіндіру» басым бағыты бойынша жүзеге асуда. Іс-шара Жаңаөзен қаласы әкімдігінің қаржыландыруымен, Маңғыстау облыстық білім басқармасы мен оқу-әдістемелік бөлімінің қолдауымен өтті.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу — тәуелсіз елдің әрбір азаматының борышы. Сондықтан «Qazaq Symbols: Кеше, Бүгін, Ертең» жобасы ел рухын көтеріп, жастар мен қоғам арасында патриоттық сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға зор үлес қосып келеді.

Инабат АРМАНҚЫЗЫ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4665

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдарды қабылдамайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ